

"2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 тамыздағы N 757 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттаманы ратификациялау туралы

2005 жылғы 24 наурызда Астана қаласында қол қойылған 2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге Хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің барлығы үшін азаматтардың Қоғамдастық аумағы бойынша жүріп-тұруы үшін бірыңғай құжаттар тізбесін әзірлеу мақсатында,

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімнің 7-бабына сәйкес, төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасасты:

1-бап

Жеке басын куәландыратын және олардың иелерінің азаматтығын растайтын, Тараптар мемлекеттерінің аумағына келуге, одан кетуге, транзиттік жол жүруге, онда жүріп-тұруға және болуға құқық беретін құжаттарға осы Хаттамаға N N 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларда көрсетілген құжаттар жатады.

Осы Хаттаманың уақытша қолданылатын күнінен бастап осы Хаттамаға N N 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшалар жоғарыда аталған Келісімге N N 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларды алмастырады.

2-бап

Осы Хаттама оған қол қойылған соң 60 күннен кейін уақытша қолданыла бастайды және депозитарий Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптар осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін осы Хаттамаға N N 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларда көрсетілген құжаттардың үлгілерімен дипломатиялық арналар арқылы тез арада алмасатын болады.

2006 жылғы 24 наурызда Астана қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесін осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттерге жібереді.

*Б е л а р у с ь
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

Үкіметі атынан

*Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

Үкіметі атынан

Қ ы р ғ ы з
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі атынан

Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

Үкіметі атынан

Т ә ж і к с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі атынан

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь
Республикасының Үкіметі, Қазақстан
Республикасының Үкіметі, Қырғыз
Республикасының Үкіметі, Ресей
Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
азаматтардың өзара визасыз сапарлары
туралы келісімге хаттамаға

1-қосымша

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің аумағына келуге, одан кетуге, транзиттік жол жүруге, онда жүріп-тұруға және болуға арналған Беларусь Республикасының азаматтары құжаттарының тізбесі

1. Беларусь Республикасы азаматының паспорты.

2. Қызметтік паспорт.

3. Дипломаттық паспорт.

4. Теңізшінің ұлттық жеке куәлігі (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған кезде).

5. Беларусь Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь
Республикасының Үкіметі, Қазақстан
Республикасының Үкіметі, Қырғыз
Республикасының Үкіметі, Ресей
Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
азаматтардың өзара визасыз сапарлары
туралы келісімге хаттамаға

2-қосымша

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің аумағына келуге, одан кетуге, транзиттік жол жүруге, онда

жүріп-тұруға және болуға арналған Қазақстан Республикасының азаматтары құжаттарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.

2. Қызметтік паспорт.

3. Дипломаттық паспорт.

4. Теңізшінің паспорты (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған к е з д е) .

5. Қазақстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттамаға

3-қосымша

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің аумағына келуге, одан кетуге, транзиттік жол жүруге, онда жүріп-тұруға және болуға арналған Қырғыз Республикасының азаматтары құжаттарының тізбесі

1. Қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Қырғыз Республикасы азаматының 1994 жылғы үлгідегі (толтырылған шетелдік парағы болған жағдайда) паспорты және Қырғыз Республикасы азаматының 2004 жылғы үлгідегі жалпы азаматтық паспорты.

2. Қызметтік паспорт.

3. Дипломаттық паспорт.

4. Теңізшінің паспорты (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған к е з д е) .

5. Қырғыз Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттамаға

4-қосымша

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің аумағына келуге, одан кетуге, транзиттік жол жүруге, онда жүріп-тұруға және болуға арналған Ресей Федерациясының азаматтары құжаттарының тізбесі:

1. Ресей Федерациясынан тысқары жерлерде Ресей Федерациясы азаматының жеке басын куәландыратын Ресей Федерациясы азаматының паспорты.*

2. Қызметтік паспорт.

3. Дипломаттық паспорт.

4. Теңізшінің паспорты (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған кезде).

5. Ресей Федерациясына қайта оралуға арналған куәлік.

* Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Одақтық мемлекет құру туралы шарттың 14-бабының 9-тармағын орындау үшін Ресей Федерациясы азаматтарының және Беларусь Республикасы азаматтарының бір-бірінің аумағына келуі, онда болуы және одан кетуі, оның ішінде ішкі паспорттар бойынша да жүзеге асырылады.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттамаға 5-қосымша

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің аумағына келуге, одан кетуге, транзиттік жол жүруге, онда жүріп-тұруға және болуға арналған Тәжікстан Республикасының азаматтары құжаттарының тізбесі

1. Шетелдік паспорт.

2. Қызметтік паспорт.

3. Дипломаттық паспорт.

4. Теңізшінің паспорты (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған кезде).

5. Тәжікстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.